

## Қазақстандағы діндер және олардың негізгі принциптері

*Ешниязова Арайлым,*

*Дінтану мамандығының 4 курс студенті*

*Мұқан Нұрзат*

*Дінтану және мәдениеттану кафедрасының аға оқытушысы*

Әлемдегі буддизм ұстанушыларының саны төмен есеппен қарағанда 300-500 миллионды құрайды[1]. Буддолог А.А.Терентьевтің мәліметтеріне қарағанда 2008 жылы будда дінін ұстанушылардың саны 600-ден 1300 миллионға дейінгі адамды құраған[2]. «Britanica»энциклопедиясы буддистердің саны 2011 жылы 780 миллионды құрағанын жазады[3]. Буддистердің негізгі бөлігі Оңтүстік, Оңтүстік-Шығыс және Шығыс Азияны мекендейді. Атап айтқанда: Бутан, Вьетнам, Үндістан, Камбоджа, Қытай, Корея, Лаос мемлекеттері, Моңғолия, Мьянма, Непал, Таиланд, Тибет, Шри-Ланка, Жапония. Ресейде буддизмді Бурятия, Қалмақия, Тыва тұрғындары ұстанады. Соңғы жылдары буддалық қауымдастықтар Мәскеу мен Санкт Петербор қалаларында пайда болды. Ұсынып отырған мақалада Будда дінінің ірі орталықтары, тарихи ескерткіштері мен таралу деңгейіне тоқталуды мақсат тұттық.

**Бутандағы буддизм.** 1616 жылы мұнда тибеттік нұсқадағы ваджраяна орнады. Дегенмен мұнда әлі күнге дейін тибеттіктердің автохонды діні – бон діні де қолданылады. Культтік мәселелерде Тибеттің Ньингма мен Кагью мектептерінің белгілері де байқалады.

**Вьетнамдағы буддизм.** Бұл елде буддистердің әртүрлі мектептері мен бағыттарының өкілдері тхиен элиталық монахтығын және амидаизм, тантризм және жергілікті діндердің халықтық синкретизмін үйлестіретін Вьетнамдық буддалық шіркеуді негіздеді. Махаянаның жақтастарымен қатар тхеравада жақтастары да бар(әсіресе кхмерлер)[4].

**Үндістан.** Бұл ел буддизм отаны болғанына қарамастан, өткен ғасырдың 50 жылдарына дейін елдегі буддистер саны түкке де тұрмайтын дәрежеде еді. Буддизмді Гималай халықтары(бхотии, лепча, ладакхи және т.б.), Тибет, Үндіқытай және Цейлон елдерінен келген иммигранттар ұстанды. Отаршылдық кезеңінде буддалық қауымдастықтар аталған елдерден келген иммигранттар есебінен артты. Үндістан тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін және Бирма, Шығыс Пәкістан және Цейлон тәуелсіз мемлекеттері құрылған соң буддистердің көбі отанына қайтып оралды. Сондықтан да Үндістан тұрғындары арасындағы буддистер саны 1941 – 1951 жылдары 0, 12 % - дан 0, 05% - ға дейін азайды.

Бірақ аталған жағдай 1956 жылдың қазанында күрт өзгерді. Үндістанның танымал қоғам қайраткері, тұңғыш әділет министрі, атақты реформатор, индуизмнің әлеуметтік құрылымдарының сыншысы және далиттердің лидері Бхимрао Рамджи Амбедкармахарлар кастасынан шыққан 300 мың далитпен бірге буддизмді бір күн ішінде қабылдады. Бхимрао Рамджи Амбедкар Еуропа мен АҚШ – та оқып, тамаша білім алған. 1923 жылы елге оралған соң көптеген қызметтестері ғұрыптық теріс айналудан

корқып, бірге жұмыс істеуден бас тартқанына ұшырасты. Амбадкар далиттердің құқықтарын сотта қорғады. Олардың ауыз су көздеріне және индуистік храмдарға кіруге құқықтары барын дәлелдеді. Үндістан парламентінде далиттерге орын сақтауға қол жеткізді және тәуелсіз Үндістанның Конституциясының архитекторларының бірі болды.

Нагпур қаласындағы махарлардың буддизмге өтуі қазіргі Үндістан тарихында теңдесі жоқ оқиға. Көлемі мен салдары тұрғысынан да тең келер ештеңе жоқ. Нәтижесінде Үндістандағы буддалық қауымдастық 17 есеге артты және тұрғылықты халықтың 0,74 % - ын құрады. Махаштрадағы буддистер үлесі 6 % - ды құрады.

1959 жылы Қытайдың қыспағына ұшыраған 100 мыңға жуық тибеттіктер өздерінің басшысы Далай лама XIV – пен бірге Үндістанға өтті. Д. Неру үкіметі босқындарға орналасуларына арнап жерлер бөлді. Уақыт өте тибеттіктер мұнда өз монастырларын құрды. Қарапайым адамдар Үндістанда жылы жүннен тоқылған киімдерін сауда нарығына шығарып, саудалауда. 1961 – 1981 жылдар аралығында буддистердің өсімі Үндістан халқының өсімімен салыстырғанда баяулады. Бірақ бұл жағдай 1980 жылдары өзгерді. Буддизм қарқынды өсе бастады. Мұсылмандарды қоспағанда Үндістанның барлық конфессияларын жолда қалдырды. Буддалық қауымдастықтардың жоғары өсімін Махараштра, Карнатака, Уттар – Прадеш штаттарындағы необуддистік үгіт – насихаттың белсенділігімен түсіндірсе болады. Бұл үгіт Б.Р.Амбедкараның 100 жылдығына байланысты өткен дайындық шараларымен және елдің солтүстігіндегі буддалық халықтардың өсімімен байланыстырады[5].

Үндістанның солтүстігі мен солтүстік – шығыс аудандарында буддистердің таралуы Тибет пен Мьянманың буддистерімен тарихи, мәдени, экономикалық қарым – қатынастарынан туындаған еді. Махараштра штатына келер болсақ, ондағы ірі буддалық қауымдастықтың туындауы Б.Р.Амбедкара есімімен тікелей қатысты еді.

Буддистер Үндістанның басқа діни азшылықтарымен салыстырғанда урбандалу үрдісінің жоғарылығымен айрықшаланады. Әсіресе Махараштра қаласында буддистер көп. Оларды экономикалық ауыр жағдай қалаға сенделтуде.

Буддизмді қабылдау ісі бүгінгі күні де жалғасуда. 1993 жылы бихарлық 50 мың далит штаттың астанасы – Патна қаласында буддизмді қабылдады. 1997 жылы төменгі касталардан шыққан 10 мың үнді индуизмнің киелі орталығы – Варанасиде буддизмге өтті. 2002 жылы Мумбайда 100 мың далит ұжымдық түрде буддизмді қабылдады. Қабылдау рәсімін рухани көсем Далай ламаның өзі өткізді. Буддизмге өту толқыны касталық үнділер тарапынан қарсылықтар тудырды. 1970 және 1980 жылдары Махараштрада жанжалдық жағдай орын алды. Штатта конфессиялық негіздегі тәртіпсіздіктер мен қақтығыстар орын алды.

Халықтың 0,77 % буддизмнің ұстанушылары. Бірақ олар Джамму мен Кашмир, Химачал – Прадеш, Сикким және Аруначал – Прадеш штаттарының кейбір аудандарында басымдылыққа ие. Буддистер тең емес екі топқа

бөлінеді: 80 % үлесін необуддистер құраса, қалған бөлігі – елдің солтүстігіндегі таулы аудандарды мекендейтін тибеттік – моңғолдық буддизмнің ұстанушылары және де Үндістан жерінде таралған Тибет діндарларының өздері.

Үндістан аумағында маңызды құлшылық орындары бар. Елде буддизмді жаңғырту ісімен Маха Бодхи ұйымы айналысады.

Елде ғылыми буддологияға да қолдау көрсетілуде. Мың жыл бұрынғы манускриптер жариялануда. Өзге тілдердегі санскриттік түпнұсқалар қайта қалпына келтірілуде. Университеттер жанындағы буддолгия институттары мен факультеттерінің қызметі қаржыландырылуда.

**Непал.** Индуизмнің күшті ықпалы біртұтас Будда культінің – Ади – Будданың дамуында ізін қалдырды. XX ғасырда буддизм лидерлік мәртебені индуизмге босатты. Непалдың тұрғылықты халықтарының бірі неварлық буддизмді ұстанады. Бұл бағыт - махаяна, ваджраяна және индуизмнің синтезді қосындысы. Неварлар Бодхнатх ступасында қызмет етеді.

**Буддизмнің Үндістан мен Непалдағы қасиетті орындары.** Буддизмнің Үндістан мен Непалдағы қасиетті орындарын келесі категорияларға бөліп қарастырады:

1. Гаутаманың өмірімен қатысты қасиетті орындар: Лумбини(туылу - Непал), Бодхая(Нұрлану – Бихар штаты), Сарнатх(алғашқы уағыз – Уттар – Прадеш штаты, Үндістан) және Кушинагара(махапаранирванаға кету - Уттар – Прадеш штаты, Үндістан);

2. Гаутама Будда барған немесе өмірін өткізген қасиетті өңірлер: Капилавасту(Тилауракот)(Непал), Раджгир(Раджагриха), Наланда, Шравасти, Вайшали, Патна(Паталипутра), Каушамби(негізінен Бихар мен Уттар – Прадеш штаттары, Үндістанның солтүстігі), Санкасья(Санкисса) (Үндістанның солтүстігі);

3. Қайталанбас буддизм киелілері мен шеберлеріне қатысты киелі орындар. Мәселен, Нагарджунаконда (Андра – Прадеш штаты, Үндістан);

4. Буддизмнің дін ретіндегі ерекшеліктеріне байланысты оның тарихы мен мәдениетіне қатысты киелі орындар. Бұл Амаравати(Андра – Прадеш штаты, Үндістан), Аджанта, Элора, Карла, Канхери(Мадхья – Прадеш штаты), Санчи, Лалитгири, Удаигири, Ратнагири(Орисса штаты, Үндістан);

5. Буддалық өмірлер жалғасып жатқан – вихарлар мен монастырлар орналасқан қасиетті орындар. Мұндағы алғашқы екі категориялар қатарына Дхарамсал және үнді штаттарындағы Химачал – Прадеш, Сикким, Уттаранчал, Бихар, Аруначал – Прадеш, Карнатака монастырлары жатады.

Алғашқы екі категориядағы буддизм орталықтары XIII – XIX ғасырларда ұмыт қалды. XX ғасырда буддалық өмір қайта оралды. Корейлер, жапондар, тибеттіктер, бирмалықтар, тайлар, ланкийлер мұнда өз монастырлары мен храмдарын салды. Мәселен Лумбиниде олардың саны 20. Капилавастуда Будданың анасы– Майя патшайымның храмы. Мұнда ханшайымның ұлын туар алдында жуынған тоғаны бар. Және де осында баланы да жуындырған.

Бодхайды құлшылық етушілерді тартатын орын – Ұлы Нұрлану храмы. Шакьямуни ұлы қабілетті иеленген сәтті иеленді. Ваджрасана – Будда отырған орынды көрсететін тас белгі. Будда жанында медитация жасаған ағаштан қалған кесінділер өскен орын. Храмның солтүстігінде Чанка Рамана деп аталатын тас жол бар. Ол б.з.д. I ғасырында Будда медитация күйінде бола отырып, серуендеген орындар. Храмның оңтүстігінде лотостар өскен тоған бар. Тоғанның ортасында айдаһарлар қорғаған Будда мүсіні тұр. Бодхайда археологиялық музей де бар. 1989 жылы Ұлы Будданың 25 метрлік мүсінін орнатылды. Далай – лама бұл орынға лекциялар оқуға келіп тұрады.

Сарнатхта Дхамекхтің құлаған ступалары көтерілуде. Осы орында тибетологияның жоғары институты қызмет атқаруда. 2009 жылы қаңтарда дәл осы орында Далай – лама Ресейдің және өзге елдердің буддистерімен кездесті. Аджанта, Эллора, Санчи ЮНЕСКО – ның әлемнің мұраларының қатарына кірген. Аджантаның 29 буддалық храмы қашалып алынды. Буддизм Үндістаннан кеткен сәтте, үңгірлер қараусыз қалды. 1819 жылы ағылшындар үңгірді аң аулап жүріп, қуысқа тығылған жолбарыстың соңына түскен сәтте тауып алды. Осылайша қайталанбас жәдігерлерге тап болды. Бұл арадан отырған, тұрған және жатқан күйдегі Будданың скульптураларын көруге болады. Көркемсуреттер да сақталып қалыпты: Падмапаниа, Ваджрапаниа, Майтрей, Будда өмірінен көріністер, Вайшалидегі мың бейнедегі образы т.б. жайлар. Эллорда 34 үңгірлік храм бар: 12 буддалық және 17 индуистік. Аджанта храмдарынан кейініректе салынған. Үлкен көлемімен және күрделі жоспарымен айрықшаланады. Мұнда фрескалар жоқ.

Дхарамсала – Далай – лама мен қуғындағы Тибет үкіметінің резиденциясы. Далай – ламамен кездесу үшін әлемнің түкпір түкпірінен адамдар барады. Соның ішінде Ресейден де. Оның резиденциясы Цуглангкханг храмына қарама – қарсы орналасқан. Намгъял монастырында тибеттік буддизмнің әртүрлі мектептеріне жататын 180 монах өмір сүреді. Нечунг монастырында Тибеттің мемлекеттік оракулы орналасқан. Оракула әрбір Далай – ламаның инкарнацияны іздеу жолында шешуші рөл атқарады. Долма Линг әйелдер монастыры қайырымдылықпен айналысады. Қытайдың қуғынынан қашқан және Тибетте қысымға ұшыраған 350 әйел монахтар мұнда білім алуда және өмірлерін сүруде.

Махараштрада Нагпура ауданында Дигша – бхумиде үлкен ақ ступа салынған. Қазан айында мұнда жаңадан қабылданған буддистер Амбедкараның инициативасы бойынша жиналады.

Непал астанасы – Катмандада атақты Сваямбхунатх ступасы орналасқан. Биіктігі – 15 м. Бұл Непалдағы көне ғимараттардың бірі. Индуистер де құрмет тұтады. Сваямбхунатх ступасы храмдар кешенін, Будда және бодхисатвалар образдарын көрсетеді. Діни тұрғыдан алғанда – ескерткішке жаяу көтерілу – ұлы іс. Ғимараттың ортасында жартылай сфера көтерілген. Ол гарбха деп аталады. Әлемнің жаратылғанын білдіреді. Гарбхта квадраттық торана бар. Торананың 4 жақтауында көздердің жұбы бейнеленген. Олар Ади – Будданы білдіреді. Одан жоғарыда көлемдері

кішірейген алтын шеңберлер орналасқан. Ғимараттың ұшар басында шпиль тұр. Буддистер индуистермен бірге Пашупатинатх кешенін қадірлейді.

Бодхнатх ступасы – құлшылық етуші тибеттіктерді тарту бөлімшесі. Катмандуда сондай - ақ Васубандху, Кашьяпа, Махабудда, Чабахил ступалары, Манджушри храмы, Джан Бахал храмдары да бар.

Буддизмнің Непалдағы орталығы Патан қаласы. Мұнда ою – өрнекпен және скульптурамен безендірілген буддалық ғимараттар мен монументтердің саны өте көп. Бір айта кетерлігі Непал халқы түгелімен дерлік индуист, халықтың 2/3 –і буддистер. Мұнда монастырьлар(қираған түрде де кездеседі) бар.

Үндістан мен Непалдағы қасиетті орындар туралы әңгімені аяқтай отырып, алғашқы екі категорияның объектілері Үндістанда басымдылыққа ие екенін айтпай кетуге болмас. Непалда – Капилаваста мен Лумбини ғана бар. Киелі орындардың үшінші категориялары Үндістанда да, Непалда да бар. Төртінші категориялар Үндістанда көп, Непалда аз. Аджанта, Эллора, Карла, Канхери үңгірлері буддалық өнер мен архитектураға қатысты болса, Санчи – тарихтан, өнерден және архитектурадан сыр шертеді. Төртінші категория орындары сонымен қатар буддалық әулиелермен, шеберлермен де байланысты. Мысалы, Санчиде Будданың танымал екі шәкірті – Шарипутра мен Маудгальянның сүйектері жатыр. Үндістанның үңгірлерінде монахтар мұсылмандар келгенге дейін насихат жүргізді. Буддалық монахтар медитация жасаған Непалдағы киелі орындарға Ваджрадзонги, Нагарджун белесі жатады. Ол орындарда өнер мен скульптура туындылары жоқ. Будданың бірнеше образы ғана бедерленген[6].

**Қытайдағы буддизм.** Қытайда буддизм, даосизм және конфуцианшылдықтың бірыңғай идеялық – культтік кешен қалыптасты. Ғалымдардың бір тобы кешенді «қытайлық ұлттық дін» деп атайды. Әрбір жүйе өз мақсатына ие. Мәселен буддистер өлген адамға арналған ғұрыптарды өткізді. Буддизм Қытай философиясының дамуына да үлес қосты.

1950 жылдары Қытай буддалық ассоциация құрылды. Бұл ұйым 100 млн. қарапайым діндарлар мен 500 мың монахтарды біріктірді. 1966 жылы мәдени революция тұсында барлық культтік мекемелер жабылды. Монахтар еңбекпен тәрбиеленуге жіберілді. Ассоциация қызметі 1980 жылдары ғана қайта жанданды.

Қытайдағы танымал храмдар: Баймасы(Лоян), Дацыэньсы(Сиань), Линьинсы(Ханчжоу). Шанхайда тұрып тұрған бейнедегі нефориттік Будда мүсіні Чэнхуанмяо мен Юйфэсы храмдары, Лунхуа храмдары орналасқан. Суй династиясы тұсында 598 жылы Тяньтайшань тауларында Гоцинсы монастыры пайда болды.

Шаолинь монастыры цигун практикаларымен, жекпе – жек өнерлерімен танымал. Мұнда өмірінің бір бөлігін Қытайдағы Чань мектебін негіздеуші тұлға – үнді монахы Бодхидхарма өткізген. Шаолинь – экскурсивті көрсетілімнің танымал объектісі, туристер көп келетін орын. Лэшань қаласының шығысында биіктігі 71 м-лік алып мүсін - Будда

Майтрей салынған. Сиань қаласында Сюань – Цзанға ескерткіш орнатылған.

Хэнань провинциясында, Лояннан оңтүстікке қарай 13 км жерде құлшылық пен экскурсияның ғажайып орталығы – үңгірлік – храмдық кешен Лунмэньшику болып табылады. Кешеннің объектілері Ишуй өзенінің жағасындағы Лунмэнь тау жартастарына салынды. Оңтүстіктен солтүстікке қарай 1 км – ге созылған тау байрайында 1300 үңгір, 2345 үңгірлік храм, 3600 каллиграфиялық гравюра, 50 – ге жуық пагода және 97 мыңнан астам мүсіндер саналады. Гуян үңгірінде жүз мыңдаған ништар бар. Оның қабырғалары буддалық сюжеттерге негізделген кескіндермен безендірілген. Будда мүсіндері көбінше ғибадатханаға келушілердің садақалары есебінен салынатын. Биньянның үш үңгірінің бірінде Шакьямуни, шәкірттері және бодхисатвалар бейнеленген. Яофандун қабырғаларында қабырғаларға тіпті жасау әдістері де жазылып қойылған. Ең үлкені Будда Вайрочана мүсінімен таныс - Фэнсяньсы үңгірі. Бұл арадан Будда Майтрейдің мүсіндерін де көруге болады.

Лунмэньшику және Дуньхуандағы Магаоку, Датундағы Юньганшику ескерткіштерін «Қытай тастық скульптурасының 3 қазынасы» деп атайды. Бұл үш ескерткіш ЮНЕСКО – ның әлемдік мәдени мұралары тізіміне енген.

2007 – 2008 жылдары 8 млн. қытайлық қатысқан онлайн режиміндегі дауыс беру нәтижесінде құлшылық етушілер көп баратын Қытайдағы 10 орын анықталды.

Олар: Цзюхуашань(Аньхой провинциясы), Утайшань(Шаньси провинциясы) Путошань( Чжэцзян пр.), Эмэйшань(Сычуань пр.), Потала(Тибет) және Юнхэгун(Пекин), Лэшандағы Будда, Таэрси(Цинхай пр.), Тяньчжушань(Аньхой пр.) тауындағы Шаолинь және Саньцзуск монастыры[7].

**Тибет (Қытай).** Бұл ең алдымен Тибет астанасы – Лхас, Тибеттің екінші қаласы – Шигадзе, Кайлаш киелі таулары және Манасаровар көлі. Тибеттіктерде қалыптасқан құлшылық дәстүрі бар.

Лхаста Далай ламаның бұрынғы резиденциясы Потала сарайы бар. Лхаста үш сақина бар. Олар арқылы Лхастың тибеттік буддистері және сыртан келген құлшылық етушілер қасиетті жерлерді аралайды. Кіші шеңбер – Лхастың басты храмы – Джокханг маңынан, орта шеңбер – Джокханг храмы маңынан, Лхас кварталынан, базардан өтеді. Бұл шеңбердің қос тұсында да базар лашықтары орналасқан. Құлшылық етушілер базар арқылы өтеді. Үлкен шеңбер қаланы ескі шекарасы маңын қамтиды. Өз аумағына Поталаны да қосады.

Кайлаш тауы мен Манасаровар көлі бір – біріне жақын. Бір айта кетерлігі Кайлаш тауы төрт дін үшін де қасиетті. Атап айтқанда: буддизм, индуизм, джайнизм, ежелгі тибет діні – бон. Буддалықтар мен индуистер Кайлаш тауын сағат тілі негізінде араласа, бон дінінің ұстанушылары керісінше. Кайлаш тауының айналасындағы жолдың ұзындығы 55 км – ге жуық. Ол 4800 – 5600 м биіктікте орналасқан.

Тибеттегі үлкендігі жөнінен екінші орындағы қала Шигадзе Катманду – Лхас трассасының бойында орналасқан. Ол трассаны Friendship

Highway («Достық жолы») деп атайды. Мұнда туристер Панчен – ламаның Таши лунгпо монастырына тәу етеді.

1980 жылдардың аяғынан бастап тибеттік монастырлар тибеттік диаспоралардың жәрдемімен және Тибетті туристік дестинацияға айналдыруды көздеген Қытай үкіметі әрекеттері нәтижесінде қайта жаңғыра бастады[8].

**Кореядағы буддизм.** Буддизм бұл елде X – XIV ғасырларда дамудың даңғыл жолына түсті. Монахтар шенеуніктердің бірыңғай жүйесі қатарына қосылды. Ал монастырьлар мемлекеттік мекемеге айналды және саяси өмірге белсене қатысты. XX ғасырда буддизм құлдырады. Бірақ Жапония отаршылдығы тұсында қайта орала бастады. 1908 жылы корей монахтарына үйленуге рұқсат берілді. Целибаттан бас тарту бүгінгі күні де бар. Әйтсе де бұл мәселеге келгенде қатаң полемика лебі байқалады.

Корея Республикасында 19 буддалық мектеп, мыңдаған монастырьлар, баспалар және университеттер бар. Бірыңғай әкімшілік басшылықты 50 монахтан тұратын Орталық кеңес жүргізеді. Чоге элиталық мектебі үлкен абыройға ие. Ол мектептің Тонгук(Сеул) монастырында монахтар дайындау ісі қолға алынған. Туристер Сувонға (Кенгидо провинциясы) жақын маңдағы Енджус монастырына бара алады[9].

**Жапониядағы буддизм.** Бұл елде көптеген діндарлар буддизм ғұрыптарын да, синтоизм ғұрыптарын да атқарады.

Жапониядағы қасиетті орындардың бірі Нара қаласы. Бір замандарда Нара Жапонияның астанасы болатын. Жылына 3 млн. құлшылық етуші Нараға келеді. 525 га аумақта бірнеше буддалық және синтоизмдік храмдар орналасқан. Солардың бірі – Тодайдзи буддалық храмы. Храм атауы Ұлы Шығыс храмы деген мағынаны білдіреді. Діндарлар Будда Дайнити мүсініне табынады. Будда мүсіні пьедесталмен бірге 22 м – ді құраса, Будда фигурасының өз биіктігі – 16 м.

Бұл мүсін – құю өнерінің ғажабы. VIII ғасырда мүсінді дайындауға 437 т қола, 150 кг алтын, 7 т балауыз, 70 кг сынап және бірнеше мыңдаған тонна көмір жұмсалды. Аңызға қарағанда таңғажайып мүсінді жасау кезінде Жапониядағы қоланың барлық қоры жұмсалған.

Мүсін орналасқан зал Дайбуцудэн – Ұлы Будда залы деп аталады. Мүсін алдында әрдайым қызмет жүреді. Монахтар мен құлшылық еутшілер мүсін алдында тұрып, буддалық сутраларды оқиды.

Жапонияда құлшылыққа арналған маршруттар бар. Солардың бірі саяхатқа – 33 храмды қосса, өзгелері 88. 88 храмға арналған маршрут 1500 км – ге созылып жатыр[10].

Буддизм туралы әңгімені қорыта отырып, философиясының бай және көп түрлі екендігін, культтік – ғұрыптық ерекшеліктерін, көбіне парадоксальды болып көрінетін доктриналары мен қағидаларын атап өткен жөн. Чоки Ньима Ринчопе 2007 жылы Мәскеуде оқыған лекциясында былай деген еді: «Будда – дін емес, ақыл туралы ғылым. Оны біз өз өмірімізде, қарым – қатынастарымызда қолдана аламыз. Дхарма – дегеніміз ол барлығы, ол денені, тілді, ақылды саналы қылу».

### Пайдаланылган әдебиеттер тізімі:

1. Терентьев А. А. Буддизм // Энциклопедия религий / Под ред. А. П. Забияко, А. Н. Красникова, Е. С. Элбакян. — М.: Академический проект, 2008. — С. 203—212. — 1520 с.
2. Major Religions Ranked by Size; U.S. State Department's International Religious Freedom Report 2004. <http://www.state.gov/g/drl/rls/irf/2004/>
3. Пономарёв Д. И. Религиоведение: справочник для студентов всех специальностей. — Владимир: Изд-во Владимирского государственного университета, 2011. — 164 с.
4. История вьетнамской мысли в контексте традиционной культуры (вместо предисловия) / Антология традиционной вьетнамской мысли. X — начало XIII вв. М., 1996.
5. Канаева Н. А. Буддизм в Индии // Буддизм: словарь. — М.: Республика, 1992. С. 55.
6. <http://kk.convdocs.org/docs/index-146531.html?page=16> Классификация святых мест буддизма в Индии и Непале
7. Чебунин А. В. История проникновения и становления буддизма в Китае: [монография]. — Улан-Удэ: Изд.-полигр. комплекс ФГОУ ВПО ВСГАКИ, 2009.
8. Торчинов Е. А. Буддийская традиция Тибета // Введение в буддологию. СПб.: Санкт-Петербургское философское общество, 2000.
9. Волков С. В. Буддийская сангха в Южной Корее // Религии мира. История и современность. Ежегодник. — М.: Наука, 1985.
10. Трубникова Н. Н. Бачурин А. С. История религий Японии: IX—XII века. М.: «Наталис», 2009.